

**Созак ауданының білім бөлімінің «Қ.Рүстемов
атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі**

**2023-2024 оқу жылында атқарылған тәрбие
жұмыстары жайлы мәлімет**

Қ.Рүстемов атындағы
жалпы білім беретін мектебінің
2023-2024 оқу жылындағы
тәрбие саласы бойынша
атқарылған
жұмыстар жайлы

Анықтама

Қ.Рүстемов атындағы жалпы білім беретін мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылында келесідей жұмыстар атқарылды.

Мектеп бойынша 15 сынып комплектісі және МАД тобы бар. 1-11 сынып бойынша 224 оқушы және МАД тобы бойынша 14 оқушы бар. Мектеп 2(екі) ауысымда оқиды.

1-ауысымда – 1 және 7-11 сыныптары оқиды.

2-ауысымда – 3 «а» 5-6 сыныптары оқиды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру мақсатында 2023-2024 оқу жылына тәрбие құндылықтарына негізделіп жылдық жоспар жасалынды. Бұрынғы оқу жылдарына карағанда биылғы оқу жылында өзгеріс орын алып отыр. Себебі ұлттық құндылықтарға(ұлттық мүдде, ар-ұят, талап) негізделіп жасалған жылдық жоспар бойынша атқарылатын жұмыстардың берері мол. Сонымен қатар мектепшілік ата-аналар комитеті мен «Әкелер кеңесі» құрамдары бекітілді. Мектеп әкімшілігінің және мектеп қызметкерлерінен тұратын кезекшілік кестесі жасалынып, мектептің ішкі тәртібін және оқушылардың өмір қауіпсіздігін қадағалап отырады. Сонымен қатар тәрбие саласына байланысты ата-аналарды қолдау орталығы мен даналық мектебі, құқықбұзушылықтың алдын – алу мақсатында атқарылатын іс-шаралар жоспары, діни экстремизм мен терроризмнің алдын-алу бойынша атқарылатын іс-шаралар жоспары және т.б. жұмыс жоспарлары бекітіліп жұмыстар атқарылды. Мектепте барлық сыныптар бойынша сынып жетекшілер бекітіліп, бұйрық шығарылды және әрбір сынып жетекшінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасына» негізделіп жасалған сыныптың тәрбие жоспары жасалынып бекітілді. Аталған сыныптарда осы жасалған тәрбие жоспары негізінде тәрбие сағаттары өтілуде. Мектебімізде ақылы түрде 4(төрт) үйірме жұмыс жасайды. Оның бірі 0,5 ст. «Алтын оймақ» үйірмесі және екіншісі 0,5 ст. «Жас футболшылар» спорттық үйірмесі 0,5 «Бастау» домбыра үйірмесі, 0,5 «Іңкәр» қыздар футбол үйірмелері жұмыс жасайды. Әрқайсысына жетекшілері мен жылдық жоспарлары жасалып бекітілген. Әрбір үйірмеге тартылатын оқушылар да көрсетілген.

Ағымдағы оқу жылының 1-ші қыркүйек күні Қ.Рүстемов атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ-де білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мақсатында

1-1) сыныптар арасында «Мектебim-мектепim мекенi» тақырыбы бойынша салтанатты жылы «Алғашқы қоңыр» мерекесi мен сынып сараттары

өткiздi.

Мақсаты: Бiлiм алушыларды өз мектебiн құрметтеуге тәрбиелеу, бiлiм алуға ынтымырды, оқушылардың оқуға құштарлығын ояту. 1-кырык мерекесi кенес заманында пайда болған екен. Ресми түрде «Бiлiм күнi» ретiнде 1984 жылы Жоғары Кеңес Президиумының жарлығымен бекiтiлген. Бұл мерекелiк күндi посткеңестiк аймақтағы елдер Ресей, Армения, Беларусь, Қазақстан, Молдова, Түркiменстан, Украина елдерiнде де атап өтедi. Жылдары дәстүрлiк яғни бiлiм күнi мектебiмiзде аталып өтедi.

Салтанатты жылы мектебiмiздiң директорының мiндетiн атқарушы

М.Ж. Шорнахова, тәрбие iсi жөнiндегi орынбасарының мiндетiн атқарушы С. Бетманұлы, оқу iсi жөнiндегi орынбасары М.Т. Шыныбаев жас

булiрiншедегi алғашқы қаламдәрісмен құттықтады. Салтанатты шараға арнайы шақырылған ауыл балалары мен ата-аналар сөз сөйлеп, ұстаздар мен оқушыларға жана оқу жылына сәттілік жолдады.

«Мектебim-мектепim мекенi» атты шарасынан соң сынып сараттары өткiздi.



5 кырык - Қазақстан халқы түлекпi күнi мерекесi және қазақтың ақынды, әдебиет зерттеушi ғалым, түрктанушы, пұблицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткерпi, мемлекет қайраткерпi, қазақ тiл бiлiмi мен әдебиеттiң ғылымдарының негiзiн салушы А. Батылұрсыпұлының туған күнiне орай қазақ тiлiн оқырға тiл, алтыншай тiл пантеондiң мұрагерлерiнiң тiлмәштерiмен «Тiл - халық кырсаы» тақырыбында 5 кырыккер күнi оқушылар басталып амалы салтанаты болды. Жылдас жоспарына сәйкес балалар оқушыларда арқауындағы iс-шаралар барлық оқушыларға таныстырылды. Айналымында оқушылар мерекеле орай құттықтауларын үш тiлде жеткiздi, өлең шығардымен пайып шашты.



Қыркүйек айының екінші жексенбісі «Отбасы күнін» мерекелеуге байланысты іс-шарасына сәйкес оқушыларға отбасының маңыздылығын түсіндіру, ата-аналарға, үлкендерге құрмет көрсету мақсатында сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен 2-11 сыныптарда сынып сағаттары өткізілді.



1 - қазан Халықаралық қарттар күні мерекесіне орай 9-сынып оқушыларының ұйымдастыруымен (жет. Т. Удербәева) мерекелік ашық тәрбие сағаты өткізілді.

«Аман жүрші, қарттарым!» атты тәрбие сағатының мақсаты жас жеткіншектердің бойына үлкенді сыйлап, тыңдай білуге, халқының салт-дәстүрінен нәр алуға, қарт кісілерімізді құрметтеуге, инабаттылық пен мейірімділікке тәрбиелеу. Аталған іс-шараға ауылымыздағы ата, ана, әжелеріміз келіп ақ батасын беріп оқушылардың өнерлерін тамашалады. Созақ ауданының Құрметті азаматы, ауылымыздың абыройлы қарияларымыздың бірі, бірегейі Баймаханбетов Әбдуәлі атамыз әннен шашу шашты.

Шара соны бата беріліп, көтеріңкі көңіл-күймен таркасты.



"Үстаздық ету – уақыт үту емес, өзгенің бақытын аялау, өзіннің уақытыңды аямау. Бірақ бұған өкінбеу керек. Жер үстінде адам тәрбиелеуден асқан абыройлы іс, ардақты жұмыс жоқ. Үстаздық – ұлы нәрсе" - деп жазушы, драматург Зейнолла Қабдолов айтқандай, аяулы ұстаздар күні де келіп жетті. Оқушының тәрбие алып, білімін қалыптастыруда мұғалімдердің өлшеусіз еңбегі айтпаса да түсінікті. Ұлы ұстаздардың құрметіне Қ. Рүстемов атындағы жалпы білім беретін мектебінің оқушылары 5 қазан күні "Дублер күнін" өткізді.

Мақсаты мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру.

"ДУБЛЕР КҮНІН" өткізу мақсатында мектепте Парламент Президенті Қуанышбек Аяқөз бастаған 11 сынып оқушыларымен 10 сынып оқушылардан бастамашыл топ құрылды.

Мектеп әкімшілігі мен пән мұғалімдерінің рөлін мектеп Парламент Президенті және 9,10,11 сынып оқушылары атқарды.

Қазан айының 13 жұлдызында мектеп тәлімгері Д. Байсақалова мен биология пәнінің мұғалімі Б. Нұрмаханова апайларымыздың ұйымдастыруымен "Golden autumn - 2023" тақырыбында іс-шара өтті. Іс-

шара барысында 5-11 - сынып оқушылары түрлі кезеңдер бойынша бақ сынады. Алдын ала берілген тапсырмалар бойынша ән айтылып, би биленіп, күздік дақылдардан, әр түрлі қалдықтардан түрлі өнімдер жасап, колөнерлерін көрсетті. Шара соңында белсенді қатысқан оқушылар арнайы дипломдармен, номинациялармен, сыйлықтармен марапатталды.



Қазіргі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі — балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе бүгінде көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр. Осы орайда "Қ. Рүстемов атындағы жалпы білім беретін мектеп" КММ-де қазан айының 17 жұлдызында Нашакорлық және есірткі бизнесіне қарсы күрес, кәмелеттік жасқа толмағандарды, суицидтің, ерте жүктіліктің басқа да құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған жиналыс өткізілді. Аталған жиынға мектеп директорының м.а. М. Шорнахова, тәрбие ісі жөніндегі

орынбасарының м.а. С. Бегманұлы, ата-аналар комитетінің төрағасы Ж. Кәдірбекұлы, ата-аналар мен 7-11 -сынып оқушылары қатысты. Мектеп психологі М. Сыздықбаева "Буллингке және кибербуллингке жол жоқ" тақырыбында бейне үндеу жасап, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Ата-аналар ой-пікірлерін айтып, оқушылар да сұрақтарын қойып біршама ұсыныстар жасалды.



Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының Президентін сайлау іс-шарасы өтті. Биылғы мектеп Президенттігіне үміткер болып 8 оқушы тіркеліп, өздерінің жұмыс жоспары мен алға қойған мақсаттарын жариялап, үлкен белсенділік танытты. Президенттікке үміткер оқушыларды сайлауға мектеп оқушылары мен мұғалімдер қатысып, белсенді, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, мектеп басшылығымен бірге оқу үдерісін ұйымдастырудағы мәселелерді шешуге қатыса алатын жауапты, тәртіпті кандидаттарына дауыс берді.

Қ. Рүстемов атындағы жалпы білім беретін мектебінде 2023-2024 оқу жылында мектеп Президенттігіне үміткерлер:

1. Аман Айболсын - 10 -сынып оқушысы
2. Тасполат Анда - 9- сынып оқушысы
3. Тұран Қарлығаш -8 "Ә" сынып оқушысы
4. Жасымбек Әсет - 8 "Ә" сынып оқушысы
5. Қазыбек Қарақат - 8 "А" сынып оқушысы
6. Омархан Нұрәсем - 8 "А" сынып оқушысы
7. Сұлтанберді Гүлсезім - 8 "А" сынып оқушысы
8. Амангелді Әсемай -8 ""А" сынып оқушысы

Мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында Қ. Рүстемов атындағы жалпы білім беретін мектебінде 21 қазан күні 8-11 сыныптар

аралыгында "Өзін-өзі" басқару ұйымы президентінің сайлауы өткізілді. Сайлау нәтижесі бойынша Мектеп Парламентінің президенті болып 10 - сынып оқушысы Аман Айболсын Қылышбекқызы сайланды. Қалған үміткерлер "Өзін-өзі басқару" ұйымының фракция мүшелері құрамына кірді.



"Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн. Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан, қазанның 25-і күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек», – деп Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев айтып өткендей Республика күні кең көлемде тойлануда. Қ. Рүстемов атындағы жалпы білім беретін мектебінде атаулы мерекені атап өту мақсатында 5 -сыныптың ұйымдастыруымен /жетекшісі А. Аметова/ "Ұлы дала перзентімін" тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағаттың мақсаты оқушыларды туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Бақытқа жетер данғыл жолдың бірі - туған Отанды сүюден басталатынын түсіндіру.

Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту.

Ұлттық мереке - 25 қазан - Республика күнін кең көлемде атап өту мақсатында Қазақстандықтарды құттықтау және Отан туралы сүйікті шығармаларды орындау челленджі ұйымдастырылды.



"Жана Қазақстан. Таза табиғат" акциясы аясында сенбіліктер өткізілді. Мақсаты: қоршаған ортаны таза ұстауға ауыл жұртшылығын тарту. Сенбілікке ауылдық әкімі аппараты қызметкерлері және білім беру мен мектепке дейінгі балаларды оқыту қызметкерлері, денсаулық сақтау мекемелерінің ұжымдарымен қоса ақылы қоғамдық қызметкерлері де қатысты. Жалпы атқарылған сенбіліктің негізгі мақсаты ауыл көшелерінде, мектеп аудасында тазалықты сақтау және оқушылардың таным-түйсігінде экологиялық мәдениетті қалыптастыру болып табылады.



Қ. Рүстемов атындағы жалпы білім беретін мектебінде 8-11 сынып оқушыларына жасөспірімдерге қатысты немесе олардың қатысуымен орын алатын құқық бұзушылықтарды түсіндіру бойынша өткізілген жиын өткізілді. Аталған жиынға Созақ ауданы АПБ бастығының орынбасары , полиция подполковнигі Е.Оралбаев, Созақ ауданы АПБ ЖПҚ ЮПТ УПИ полиция капитаны Р.Ә.Уәлиева, мектеп директоры С. Бегманұлы қатысты. Мақсаты 8-11 сынып оқушыларына кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар, оның ішінде оқу орындарындағы әлімжеттілік (буллинг), құмар ойындар (лудомания), ерте жүктілік, суицид және жол жүрісі қауіпсіздігі, нашақорлық және есірткі бизнесіне қарсы күрес тақырыптарында түсіндіру.



Оқушыларды еңбексүйгіштікке, ұйымшылдыққа баулу мақсатында 5-10 сыныптар арасында «Күзгі жәрменке» ұйымдастырылды. Жәрменкенің оқушылар үшін маңызы зор екенін аңғару қиынға соқпады. Барлық оқушылар белсенді түрде қатысып, қажетті нәрселерін тез арада дайындап, ұйымшылдықпен атқарып шықты. Жәрменке барысында оқушылардың өз қолдарымен әзірлеген түрлі тағамдары мен тәттілері ұсынылды. Ордайым белсенді болып, барлық істі осылай ауызбіршілікпен атқарса, оқушыларымыздың бағындырар белестері көп екеніне сеніміміз мол!



Қ. Рүстемов атындағы ЖББ мектепте «16 желтоқсан - Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай музыка пәні мұғалімі Н.Есенбайұлының ұйымдастыруымен 7-10 сыныптар аралығында мектепшілік «Екі жұлдыз» ән байқауы өткізілді. Байқауда әр сыныптан 1 жұптан 6 жұп бақтарын сынады. Бірінші кезеңде патриотық әндер мен ата-ана туралы әндер орындалды. Екінші кезеңге тақырып таңдауға үміткерлердің өздеріне мүмкіндік берілді. Қатысушы үміткерлер ән айтар алында өздерін таныстыру видеоларымен, әннің тақырыбына сай видеороликтерімен, арнайы сыныптарымен қойылымдар қойып, ерекше дайындықтарын ортаға сала білді. Жалпы, қатысушылармен қатар қолдау білдірген жанкүйерлер де өте белсенді болды. Байқау жеңімпаздары АКТ-ны қолдана отырып, көрермендердің 50 пайыздық лауыс беру нәтижесінің қорытындысымен анықталды. Нәтижесінде, қазылар алқасының бағалауы бойынша 4-ші орында болған 10 сынып өнерпаздары «Екі жұлдыз-2023» жеңімпаздары атанды. Барлық қатысушылар арнайы номинациялармен, сыйлықтармен марапатталды. Ал жеңімпаз жұпқа арнайы

жүлде мен 5.000 теңгенің сертификаты табысталды. Барлық қатысушыларға өнерлері өрге жүзсін деген тілек білдіре отырып, үлкен алғыс білдіреміз!



ҚР 2009 жылғы 4 желтоқсанындағы №214-ІҮ заңына сәйкес, 25 қараша - 10 желтоқсан аралығында «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ» республикалық акциясы аясында Қ. Рүстемов атындағы ЖББ мектепте «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциясының ашылуы болып өтті. Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Оқушыларға өз жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті тұлға болып өсуіне тәрбиелеу.



Созак АПБ-нің ЖПКБ УПИ полиция лейтенанты Н.Өскентаев, Созак АПБ-нің ЖПКБ ЮПТ УПИ полиция капитаны Е.Сайлаубек және Созак АПБ-нің ЖПКБ ЮПТ УПИ полиция сержанты Д.Тамабайұлының қатысуымен 8-11 сыныптар арасында жиналыс өткізілді. Жиналыс барысында кәмелетке толмаған балалар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу және қылмысқа қарсы күресу, алкогольдік ішімдік пен есірткі құмарлықтың алдын алу және азаматтарды құжақтандыру ережелері талқыланды. Бүгін қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі – жасөспірімдердің арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе қазіргі кезде өзекті мәселелердің бірі болып тұр. Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен, түрлерімен таныстыру, жасөспірімдердің

құқықтары мен міндеттерімен таныстыру. Қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, құқықтары біліп оны құрметтеуге тәрбиелеудің арты неге әкеліп соғатынына аса мән бере қоймайды.



Қ.Рүстемов атындағы жалпы білім беретін мектепте «16 желтоқсан - Тәуелсіздік күні» мерекесін кең көлемде насихаттап өткізу мақсатында жұмыс жоспарына сәйкес мектеп тәлімгері Д. Байсакалованың ұйымдастыруымен жиын өткізіліп, іс-шаралар мазмұны оқушыларға таныстырылды. Мақсаты еліміздің тарихы болып келе жатқан Тәуелсіздік мерекесі туралы түсінік беру. Тәуелсіздің келу тарихы мен қырандары туралы түсінік беру.

Ал «Өзін-өзі басқару» ұйымының президенті мен белсенді фракция мүшелері мұғалімдер мен оқушылар арасында сұхбат жүргізіп шықты.



Қ.Рүстемов атындағы ЖББ мектепте оқушылардың шығармашылық ізденістеріне, көркем сөйлеуге, әдеби тілдерінің дамуына жол ашу, білім деңгейлерін шығармашылық деңгейге көтеруге түрткі жасау, білімді өз ізденістерімен игеруіне ықпал жасау мақсатында Темирова Салтанат апайдың жетекшілігінде 6 «Ә» сыныбы Оралхан Бөкейдің 80 жылдығына орай «Алтайдың асыл жыршысы» атты тәрбие сағатын өткізді. Оралхан Бөкей тілдік қоры бай, ойы терең, адамның жан дүниесін көп жазып, табиғатпен адамның үйлесімділігіне, жұмыр басты пенденің тіршіліктегі тірлігіне көп бас қатырып, қалам тербеген жазушы. Тәрбие сағат барысында Оралхан Бөкейдің өмірінен үзінділер алынған қойылымдар қойылып, шығармаларынан үзінділер орындалды.



Қ.Рүстемов атындағы ЖББ мектепте оқушылардың тіл байлықтарын дамыту, сөйлеу қабілеттерін арттыру, ойын еркін жеткізуге дағдыландыру мақсатында «Мектеп бағдарламасына тиімді пән» деген тақырыпта дебат сайысы өткізілді. Мақсаты: Белгілі бір фактілерді зерттеуге, болжауға, жүйелеп сөйлеуге, өз көзқарасын ашық та жүйелі етіп дәлелдеуге және өз бағытын дұрыс ұсынуга жетелеу;

- Қарсы пікірдегі адамдардың қойылған мәселелерін жан-жақты қарап, ойлашып-толғануға көмектесу;
 - Оқушының тіл үйренушінің сөйлеу дағдысын қалыптастыру;
 - Өз көзқарасын айтуға машықтандыру;
 - Оқушының қоғамға деген көзқарасы мен қызығушылығын қалыптастыру;
 - «Мектеп бағдарламасына тиімді пән» тақырыбында ой қозғату;
 - Еліміздегі жастар мәселесіне назар аударту;
- Сайысқа қатысушы оқушылар ұтымды ойларын ортаға салып, жан-жақты жеткізе білді.





Қ.Рүстемов атындағы ЖББ мектепте «Өзін-өзі басқару» ұйымының ұйымдастыруымен 8 сыныптар арасында дебат байқауы өткізілді. Дебат барысында «Ең жақсы өмір ауылда», «Туризмнің пайдасынан зияны көп», «Баланың қылмысы үшін кім жауап беруі тиіс?» және «Мектеп формасын кино міндетті ме?» тақырыптарында ойлар талқыланды. Оқушылардың тіл байлықтарын арттыруына, өзіндік пікір қалыптастыруына дебат байқауының тиізер пайдасы мол екенін ескерсек, іс-шара өз мақсатына толықтай жетті деп айта аламыз.





Созак ауданының білім бөлімінің 25.01.2024 жылғы №41-14/94 санды хатына сәйкес 2024 жылдың 1 ақпан күні сағ 11⁰⁰ – де мектеп оқушыларының қатысуымен жас өскелең ұрпақ арасында «Мен үлгі тұтатын адал адам» тақырыбында бірыңғай сағаты(эссе жазу) өткізілді. Бірыңғай сағат өткізудің мақсаты – адалдық негізінде өскелең ұрпағымыздың өзіндік бағдарын анықтауына жол көрсететін тәлім-тәрбие беру.

Биылғы оқу жылындағы құрылған ата-аналарды педагогикалық қолдау жоспарына сәйкес 1-4 сыныптар арасындағы ата-аналарға 27 қараша күні 4 сынып жетекшісі Т.Төлекенованың ұйымдастыруымен «Отбасы – бақыт бесігі» тақырыбында танымдық сағат өтті. Мақсаты: ата-аналардың баланың бақытты өмірінің негізі ретінде оның әл-ауқатын қамтамасыз етуге дайындығын қалыптастыру. Сабақ барысында ата-аналар баланың жас және әлеуметтік ерекшеліктері туралы түсініктерін дамытты және бала үшін отбасында қолайлы климат құру дағдыларымен бөлісті.

2024 жылдың 24 қаңтар күні Алматы қаласында болған жер сілкінісіне байланысты мектепте үлкен үзілісте төтенше жағдайдың алдын-алу мақсатында сейсмо-жаттығу өткізілді. Сейсмо-жаттығу мектеп қызметкерлері мен оқушылардың қауіпсіздігін сақтай отырып өткізілді. Жер сілкінісіне байланысты оқушыларға ақпарат беріліп, жер сілкінісі болған жағдайда не істеу керектігі жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

2024 жылдың 9 ақпан күні Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай мектепшілік жасалған іс-шара жоспарына сәйкес АӘД жетекшісі А.Шыныбаевтың ұйымдастыруымен

«Ауған қасіреті мәңгі есімізде» тақырыбында кездесу кеші өткізілді. Аталған іс-шараға мектеп оқушылары мен мұғалімдері қатысты. Бұл өткізілген іс-шараның мақсаты – Егеменді еліміздің болашағы жастардың туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілігі, бабалар салған сара жолын жалғастыру, өз ұлтына деген сүйіспеншілікті арттыру. Кездесу кешіне ауған соғысы ардагері Омаров Жанболдат көкеміз қатысты. Жиын барысын ДТЖО Б Алдасугирова баяндамамен ашып, одан кейін оқушылар ардагерлерге сұрақтар қойып, жауап алды. Кездесуге келген ардагерлеріміз, ауған соғысы кезінде көрсеткен ерліктері туралы естеліктерімен бөлісті. Оқушылар шағын көрініс қойып беріп, келген қонақтар мен жиынға қатысушыларға жақсы көңіл күй сыйлады.

Мектептегі құрылған «Ата-аналарды педагогикалық – психологиялық қолдау орталығының» жұмыс жоспарына сәйкес 6 а сынып жетекшісі Л.Битанованың ұйымдастыруымен «Ақыл айтпа – жол көрсет» тақырыбында 5-9 сыныптары бойынша ата-аналарымен танымдық сағат өткізілді. Мақсаты – ата-аналардың балаларды жаңа жағдайға бейімдеу қабілеттерін дамыту.

2024 жылдың 17 қаңтар мен 17 ақпан аралығында «Досбол LIKE» республикалық акциясы бойынша жұмыстар атқарылды. Ұраны – Адал досым болсын десен – өзіне адал дос бол! Мақсаты – жасампаз ұжымдық шығармашылық негізінде мектепте позитивті қарым – қатынас қалыптастыру үшін жағдай жасау.

Бұл акцияның міндеттері:

1. Өзара шығармашылық іс-қимыл жағдайында оқушылардың, педагогтердің және ата-аналардың ынтымақтастығы үшін қажеттілікті қалыптастыруға жәрдемдесу;
2. Шығармашылық ынтымақтастық негізінде оқушылардың эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін позитивті қарым – қатынастың тиімді түрлері туралы қатысушылардың түсініктерін кеңейту;
3. Позитивті қарым-қатынас құру үшін, бірлескен іс-әрекеттегі қарым-қатынас тәжірибесі арқылы белсенді мінез – құлық дағдыларын дамыту.

Осы орайда сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен тренингтер, тәрбие сағаттары, шерулер және т.б. өткізілді.

2024 жылдың 11 сәуір күні МАД тобы жетекшісі Б.Джалмурзаеваның ұйымдастыруымен мектепалды дайындық топтарында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында және «Балалар кітапханасы» жобасын іске асыру шеңберінде «Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» тақырыбында ұйымдастырылған іс-шара болып өтті. Іс-шара барысында балалар және олардың ата-аналарының сүйемелдеуімен мақал-мәтелдер мен жаңылтпаштар айтып, жұмбақтар шешуде белсенділік танытты.

Сөзақ ауданының білім бөлімінің 01.02.2024 жылғы №61 санды хатына сәйкес мектепте тәлімгер Д.Байсақалова мен «Өзін-өзі басқару» ұйымының ұйымдастыруымен 9-11 сынып оқушылары арасында «Құқықтық сауаттылық – заман талабы» тақырыбында мектепшілік пікірсайыс турнирі болып өтті. Пікірталас барысында оқушылар әртүрлі тақырыптарда пікір сайысты және қорытындысында пікірсайысқа қатысқан командалар мектеп әкімшілігі тарапынан марапатталды.

2024 жылдың 23 ақпан күні сағ 10⁰⁰ – де «Түрлі табиғи апаттардан сақтану» тақырыбында оқушылар мен қызметкерлер арасында сейсмикалық оқу-жаттығу өткізілді. Оқушылар мен қызметкерлер төтенше жағдай туралы дабыл қағылған сәттен бастап оқу ғимаратын тастап шықты. Ғимараттан қауіпсіз аланға сыныптардың оқушылары және мектеп қызметкерлері мен мұғалімдері сапқа тұрғызылып, оларға табиғи апаттар бойынша, соның ішінде жер сілкінісі кезінде бірінші кезекті іс-қимылдар, эвакуациялау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

2024 жылдың 28 ақпан күні «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында «Тоғыз айға – тоғыз іс-шара» және «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша «Менің сүйікті кітабым» атты челлендж ұйымдастырылды. Аталған іс-шарада оқушылар өздері оқыған кітаптары бойынша мазмұнымен бөлісті. Мақсаты – Оқырманның кітап оқу дүниетанымын кеңейту, көркем шығармалардың тамашалығын сезінуге, оқығандарын дұрыс бағалай алуға, оқыған кітаптары жайлы бір-біріне айтып қызықтыруға және өмірде, еңбекте, оқуда кітапты пайдалануға баулу.

2024 жылдың 28 ақпан күні еңбек пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Біз қамқоршы баламыз, құстарға ұя саламыз» атты акция ұйымдастырылып, оқушылар құстарға ұя жасап, талдарға іліп, жем шашып, қамқорлық жасалды. Мақсаты – Оқушыларды табиғатты қорғау, құстарға қамқорлық жасау, туған елге деген сүйіспеншілігін арттыру.

Мектепте «1 наурыз – Алғыс айту мерекесіне» орай жасалған іс-шаралар жоспарына сәйкес қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Алғыс айту – парызым» тақырыбында 5-11 сынып оқушылары арасында эссе жазу байқауы ұйымдастырылды. Мақсаты – Оқушылардың жанұяға, ата-анаға, үлкен-кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым – қатынастарын дамыту. Сонымен қатар 1 сынып жетекшісі Г.Шүйкебайдың ұйымдастыруымен тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Мақсаты – ризашылық пен алғыс туралы түсінік беру, үлкен-кішіге деген сыпайылық қарым-қатынасын дамыту.

2024 жылдың 6 наурыз күні 4 сынып жетекшісі Г.Әбжанованың ұйымдастыруымен «Ана – өмірдің гүлі» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Сынып оқушылары аяулы аналарына жылы лебіздерін білдіріп өлең, жыр шумақтарын арнап ән, би орындады.

2024 жылдың 15 наурыз күні «22 наурыз – Ұлыстың ұлы күні» мерекесіне орай жасалған іс-шара жоспарына сәйкес тәрбие сағаттары мен концерттік бағдарламалар ұйымдастырылды.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы «Даналақ мектебі» жобасы аясында «Сырлы жеңге, сұлу қыз» атты байқауы өткізілді. Мақсаты Жеңге мен қайын сінді арасында өзара сыйластықты, біріне деген сүйіспеншілікті нығайтып, ана мен бала, жеңге мен қыз арасындағы тәрбиені одан әрі дамыту, адамгершілік қасиеттерін қазақи салт дәстүрлерді қадірлеуге туыстық қатынас соның ішінде жеңгесінің алар орны мен рөлін ұғынуға тәрбиелеу.

МДТЖО

Б.Алдасугирова

Биылғы оқу жылында жазғы кезеңдегі мектеп жанындағы лагерьге 1-4 сыныптар арасында 75 оқушы толық қамтылу керек. Олар 4 топқа бөлініп тамақсыз ұйымдастырылып аула клубтары, қызығушылығы бойынша клубтар, көгалдандыру бригадалары, орман шаруашылығы бойынша 4 топқа бөлінеді.

Жетекшілері: Орман шаруашылығы бойынша Т.Төлекенова
Көгалдандыру бойынша Л.Биганова
Аула клубтары бойынша Н.Есенбайұлы
Қызығушылығы бойынша Г.Омарова

Қала сыртындағы лагерьге биыл мектептен 16 оқушы баралы деп жоспарлануда. Бұлардың ішінде көп балалылар, жартылай жетім, толық жетім және әлеуметтік жағдайы аз қамтамасыз етілген оқушылар бірінші қабылданады.

Бұдан бөлек Қазақстан халқына қорынан 3 оқушы тегін баратын болды

Жазғы кезеңде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтыру 1-4 сыныптардан 36 оқушы қамтылды олардың жетекшілері:

Д.Байсақалова

Қ.Сәрсенбай

Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік бойынша оқушылар мен ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізу керек.

Даладағы тәртіп ережелері

Орт кезіндегі тәртіп ережелері

Қауіпсіз терезелер

Судағы тәртіп ережелері

Орманда өзінді ұстау ережелері

**Созак ауданының білім бөлімінің «Қ.Рүстемов
атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі**

**2023-2024 оқу жылында атқарылған тәрбие
жұмыстары жайлы мәлімет**